

**Молдова Республикасының Президенті А.Лучинскидің Қазақстан Республикасына  
1999 жылғы 14-15 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген  
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 қараша N 1679

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Молдова Республикасының Президенті П.Лучинскидің Қазақстан Республикасына 1999 жылғы 14-15 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі

- Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жарты жылдықта кем дегенде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң  
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 0 қ а р а ш а д а ғ ы  
N 1 6 7 9 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

Молдова Республикасының Президенті П.Лучинскидің Қазақстан  
Республикасына 1999 жылғы 14-15 шілдедегі ресми сапары  
барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі  
іс-шаралардың жоспары

---

N	Іс-шара	Атқарылу мерзімдері	Орындалуына жауаптылар
---	---------	---------------------	------------------------

---

1	2	3	4
---	---	---	---

---

1	Қол қоюға мынадай құжаттарды әзірлеу: Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының	Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім 1999 жылдың министрлігі желтоқсаны
---	--	--

арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Молдова Республикасының Жоғарғы Сот Палатасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім

Жоғарғы Сот  
(келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Молдова Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Молдова Республикасының Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім

Әділет министрлігі

- 2 Мынадай құжаттардың заңды күшіне енуі бойынша мемлекетішілік рәсімдерді орындау:

Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы кіріс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім

Көлік және коммуникациялар министрлігі

- 3 Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасының арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижелері бойынша мемлекетаралық есеп айыру суларды реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісілген ұсыныстар енгізу

1999 жылдың Ұлттық Банк (келісім қарашасы бойынша), Қаржы министрлігі

- 4 Молдованың Көлік және жол шаруашылығы министрлігі кәсіпорындарының алдындағы Қостанай облысының қары.

1999 жылдың Қостанай облысының қарашасы әкімі, Ауыл шаруашылығы министрлігі

зын реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсыныстар жасау

- 5 Жүгері және қант қызылшасын өсіру, сондай-ақ шарап жасау салаларында Молдова Республикасымен ынтымақтастық жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне нақты ұсыныстар енгізу 1999 жылдың Ауыл шаруашылығы қарашасы министрлігі
- 6 Молдова және Қазақстан аумақтары арқылы тауар тасымалдау бойынша өзара қызмет көрсету мүмкіндігі туралы ұсыныстарды пысықтау және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне енгізу 1999 жылдың Көлік және комму. қарашасы никациялар министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
- 7 Жиһаз жасау, зергерлік, парфюмер. мерлік және тәтті тағам өнімдерін шығару саласында бірлескен кәсіпорын құру мүмкіндігін қарау 1999 жылдың Энергетика, индустрия қарашасы және сауда министрлігі
- 8 Қазақстан мұнайын Молдова Республикасының аумағы арқылы Еуропаға тасымалдау мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсыныстар енгізу 1999 жылдың Энергетика, индустрия қарашасы және сауда министрлігі, "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы (келісім бойынша)
- 9 Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-молдова үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісін өткізу мерзімін келісу 1999 жылдың Сыртқы істер қарашасы министрлігі
- 10 Астана қаласында Молдова Сауда 1999 жылдың Астана қаласының әкімі

үйінің ашылуына жәрдем көрсету желтоқсаны

- 11 Астана қаласында шарапты бөліп құю жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы мәселені молдова тарабымен келісу 1999 жылдың Астана қаласының әкімі желтоқсаны

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.